

БЕКІТЕМІН

«Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ

Басқарма Төрағасы

Ханин О.А.

«13» сәуір 2023 жыл



Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов к-сі, 60 мекен-жайы бойынша орналасқан «Коммеск-Өмір» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының басқармасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №12 хаттамасының шешімі бойынша шақырылған Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлайды.

Жиналыс 2023 жылдың 25 мамырында сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов көшесі, 60, 8 қабат мекен-жайы бойынша өтеді.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу – 2023 жылдың 25 мамырында сағат 10:30-да басталады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін құру күні – 2023 жылдың 01 мамыры.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қоғамның 2022 жылғы жылдық қаржы есебін бекіту және 2022 жылға арналған аудиторлық есебін талқылау туралы.
2. Қоғамның 2022 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу/төлемей жөнінде шешім қабылдау туралы.
3. Қоғам Басқармасына және Директорлар кеңесі мүшелеріне тағайындалатын сыйақы мөлшері және оны белгілеу туралы.
4. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды тағайындау.
5. Акционерлердің Қоғам қызметіне және оның лауазымды тұлғаларына жолдауы және оларды талқылау қорытындылары туралы.
6. Қоғамның үлестес тұлғаларымен және Директорлар кеңесінің мүшелерімен сақтандыру шарттарын жасау туралы.
7. Қоғаммен ерекше қатынастар арқылы Қоғаммен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасасу және мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы Қоғам жасасады.
8. 01.01.2023ж. «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдауды қарастыру туралы.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен 2023 жылдың 15 мамырында демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов көшесі, 60, 8 қабат мекен-жайы бойынша танысуға болады.

Кворум болмаған жағдайда, жиналыс 2023 жылдың 26 мамырында сағат 11:00-де жоғарыда көрсетілген мекен-жай бойынша қайтадан өткізіледі.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес және сондағы тәртіп бойынша өткізілетін болады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімі «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша көзбе-көз дауыс беру арқылы қабылданатын болады.